

1. Николсон Гарольд. Искусство дипломатии (Лекции по истории дипломатического метода). Под ред. А.Е. Абишева. - Астана: Казахстанский Институт «Свободное Общество», 2005. - 201 с.

2. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии. X вв. Алматы: Гылым, 1995. - 288с.

3. Рогожин Н.М. Посольский приказ: Колыбель российской дипломатии. - М.: Междунар. отношения, 2003. - 432 с.

4. Медведев И.П. Очерки Византийской дипломатии. Ленинград «Наука», Ленинградское отделение 1988.

Осы мақалада дипломатия мәселелері талқыланады. Дипломатия өнері қай кезден бастап дамығанын көре аламыз. Тарихта дипломатияға үлес қосқан адамдардың аттары берілген.

This article includes the development period diplomatic art history diplomacy begins many centuries.

Е. Әбілқапқызы

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ КИІМ-КЕШЕКТЕРІ

Қазақ ұлты - ұлыттық мәдениетке бай, тарихы ұзақ халықтардың бірі, халықымз атам заманнан бері көшпенді мал шаруашылығын негізгі өндіріс тәсілі ете отырып кең байтақ сахарада өздерінің орта табиғатына, шаруашылық жағыдайына қарай дәстүрлі мәдениет жаратып, атағы алыс-жақынға мәлім болған.

Міне осы сан-ғасырлық тарихы бар қазақ ұлытының ең мол рухани жұбанышы болған өнер түрлерінің бірі қолөнер десек, сол қолөнер мұралары ішіндегі қазақ тұлғасының көркі болған, сән-салтанатын асырған, дарыны мен даналығын, ерлігі мен өрлігін, дақандығы мен елдігін, абырой-атағын, жан сұлулығын әйгілеген қазақтың киім-кешек мәдениеті өзгеше көз тартады. Міне осы дәстүрлі киім-кешегіміз ұлтымыздың табиғи ортасы мен көшпенді шаруашылықтың ерекшелігіне сәйкесуден пайда болған. Қазақ ұлтының тірлік кешкен ортасы, климат шарыт жағыдайы өндіріс тәсілі, ұрып-әдет діні, жол-жосын көркемөнері, дәстүрлі киім-кешектерінен білініп тұрады.

Міне, бұл арада тілге тиек етбекші болғанымыз, қазақ ұлыттық киім мәдениетінің бір түрі болған қазақ әйелдерінің ұлыттық киім-кешектері. Қазақ әйелдер киім-кешегі түсі жағынан әле түрі жағынан болсын ерлердің киім-кешегі жағынан көрікті де күрделі және көп болып, формасыда алуан түрлі болған. Олар киім-кешекке сапалы, түсі ашық ең асыл кездемелермен бұлдардан пайдаланған. Реңдері негізінен қызыл, жасыл, көк әсіресе ақ түсті көп істететін болған. Мұндай болуы шаманизмдік сенім-наныммен қатысы бар.

Қазақтың түт-түкияны жөнінде айтылатын аққу-аспан тәңірі деп қаралады, арі аруақтың сұлбасы деп қаралады. Ақ түс – пәктік, бақыт, ұзақ ғұмыр және мейрімділіктің символы бол-

ған. Снодықтанда өркениетті қоғамға кіргеннен кейін де киім-кешек мәдениетінде алаіде сақталып отыр.

Қазақ әйелдер киім-кешектері жалпы аталуы жағынан бас киім, дене киім, аяқ киім деген ортақ ұғымда аталғанымен оның адамдардың жас құрамына қарай тігілуі, аталуы, түрі-түсіде парықты болған, яғни қыздармен келіндердің орта жастағылармен қарыт аналар киім-кешек жағында айқын парық болып, өңір және ру ерекшелегі жағынан да өзіне тән сын-сынбаты, сыры болған. Қазақ қыздары кішкене күнінен бастап гнізінен тақия, төбетай, қасаб, сылама, делегей, сияқты жаздық және қыстық бас киім киеді, қыздар тақиясы – төбесі жалпақ тегіс, керегесі төріт-бес елі биік, етегін бірнеше жерден танап астарының астына қатырма салып, кереге көз таңдайша сияқты тігістермен тігеді. Етегін айналдыра түрлі-түсті зер жіптермен көгеріс өрнектер салып алтын күміс, маржан тана сияқты жарқырайтын алтын мошнқтармен әшекейлейді.

Қасаба – етегі тікше, биіктеу, тақияның артына түсірілген етегі бар тақия, бұл тақияның етегі кестеленумен бірге етегінің айналасына шашақ, маржан тағылады.

Төбетай – төбесі бір қарыс биікте, цилиндр формалы тігілген қыздардың жаздық бас киімі, төбетайды түрлі ашқ түстіжібек кездемелерден астар арасына қатырма, жиегіне асыл аң терілерінен қю салып тігеді.

Жас келеіншектер мен бойжеткен қыздар киімінің негізгі айырмашылығы бас киімде болады. Бойжеткендер тақия, қарқара, бөрік, сәукеле сияқты бас киімдер киеді. Қазақ бойжеткендерін бас киімнен тартып сәнді киіндіріп, жақсы әдетке тәрбиелейді. Бойжеткендердің тақиясы биік ою-өрнекті айшықты, әсем кесте-

ленеді. Төбесіне маржандап шашақ, үкі тағылады, бойжеткендер кестелі тақиямен қасаба тақияны думанды жүріс-тұрыстарда киеді.

Қарқара – төбесі шошақ, етегі қайырлып, аң терілерімен қюланап көмкерілген астары қатырмаланып сырылатын қыздардың сәнді бас киімі. Бөрік – төбесі төріт сайлы бөрік, қыстық және жаздық болып астарына қатырма салады. Қыстық бөрікке салатын қатырма жұқалау, киіз мақта тартылып тігіледі, жаздығы жұқалау қатырмамен астарланады, барқытбен тысталады, Айнала кестеленеді.

Қыз ұзатылған кезінде алуан түрлі моншақтармен безенген әсем кестеленген шошақ төбелі «Сәукеле» киіп, оның үстіне «желек» салады, бұл қыз баланаң келіншек болғанның негізгі белгісі. Осы заманда желек орнына алыуан түрлі тоқылған қызыл немесе күрең, күлгін түсті бөртбе салылардыда салатын болды, ал «Сәукеле» бас киімі 19-ғасырдың соңы 20-ғасырдың басында біртіндеп сиреп кеткен еді. 20-ғасырдың 80-жылдарында қайтадан қалпына келіп әрбір отбасы өз баласын ұзатқанда жасайтын дәстүрлі киімі болып қалды.

Жас келіншек пен орта жастағы әйелдердің бас киімі негізінен сәукеле, желек, жаулық, салы сияқтылар болған. Сәукеле – бойжеткендер ұзатылып жас келін болғанда киетін бас киім. Желек – ұзатылған қыз немесе жаңа түскен келін жамылатын жамылғы.

Қыздардың киімі негізінен; көйлек, мешпет, камқа, камзол сияқтыларды қамтыйды. Қазақтың қыздары көбіне төріт қыйқты, алты қыйқты көйлек киеді. Жас қыздар көйлекті қызыл-жасыл, ақ-сары, ақ-күлгін түсті торғын жібек кездемелермен түрлі гүлді шттардан киеді. Мешпет – көбінесе қызыл көк сияқты ашық түсті кездемелерден тігіліп жаға жеңдерін қюлайды.

Қамқа – әбден жұмсартылған марка қозы терісінен тігілген, жоса мен бояп жаға-жең, етегін асыл аң терісімен жұрындап, белін қынап, кең қылып тігілетін қыстық киім.

Бойжеткендердің көйлегінің жас қыздарға қарағанда түрі көп, тігілуіде парықты болады.

Желбір етек көйлектер төріт қыйқты, алты қыйқт, сегіз қыйққа дейін, желбірін екі-үш, төріт қатар, тіпті мықынға дейін салып тігеді, бойжеткендер негізінен желбір етек көйлек киеді.

Камзол – шолақ жеңді, жағасы етегі ұзын жаздық шапан, камзолды белін қынап, екі жанқалта салып, жалаң астарлап тігеді, оның жағалығы, екі өңірі етегіне, жең ұштарына түрлі өрнек салып кестеленген төріт оқала камзол немесе кестелі камзол деп атайды.

Жас келіншектермен орта жастағы әйелдердің киімі желбір етек, кестелі көйлек, етек көйлек, белдемше, камзол, мешпет, тон сияқтыларды киеді, Қазақ халықы ежелден әйелдерді аялап, ардақтап қолда бар үлде мен бұлдесіне ораған яғни әйелдердің киім-кешектеріне өзіндік көркемдік қосқан сәндік бұйымдарына ерекше назар аударған. Мұның бір дәлелі; қазақтың маңызды етыно көздерінің бірі ежелгі үйсіндердің қабырларынан қазып алған мұралар арасындағы жақұт көзді алтын жүзік болды. Қазақ әйелдері құлақтарына алтын күміс және меруерттен жасалған алыуан түрлі сырға салған, сырғалардың көбі салпыншақ формалы болады, және оған түрлі өрнек түсірген, жақұттан меруерттен көз салған, саусақтарына алтын күміс жүзік, білектеріне алтын, күміс және мыс білезіктен салған. жүзік және білезіктің формасы алуан түрлі болды, қыздармен келіншектер мойындарына меруерт маржаннан алқа таққан, қазақ қыздары мен келіншектері шаштарына маржан мен безендірілген шашбау таққан.

Қазақ әйелдері үкі таққанды да жақсы көреді. Балдырған кезінен бастап келін болып жат босағасын аттағанша үкі қадайды. Жас келіннің желегіне үкі қадалады, халықымыз алтын, күміс, асыл тас және үкі қауырсыны сияқты заттарда қасиет бар деп қараған. мысалы: мыс білезік буынға түскен сар суды тазартады, қазақ әйелдерінің әшекейлі бұйымдары негізінен қолға салатын, құлаққа, шашқа, мойынға, киім-кешекке тағатын тағатын сынды бес үлкен түрге бөлінеді, осы әшекей бұйымдардан ұлыттық зергерліктің шеберлігінде шек жоқ екенін көруге болады. Халықымыз міне осы ұзақ тарихи даму барысында өзіне тән киім-кешек мәдениетін жаратқан. Деседе қазақ ұлтының қоғамдық тұрмыс ритымының тездеуіне, күн көзқарасының, білім мәдениет өресінің жоғарлауына сай, дала мәдениетін өзек еткен дәстүрлі мәдениет бітре-бірте дәстүрден жазып барады. Дәстүрлі мәдениетті тұғыр еткен қазақтың киім-кешегі белгілі өзгеріс барысын басынан өткізді. Сондықтанда, біз қазақтың киім-кешектері ұлыттық қасиетке ие мәдениет мұрасы және мәдениет байлығы екендігін бүгінгі таңдағы жағандану толқынында дәстүрлі киім-кешегінің маңыздылығын тереңнен түсініп, өзімізді өзге ұлыттарға мәдениетке бай дара ұлыт етіп таныстыру үшін, атадан жалғасып келе жатқан киім-кешек мәдениетімізді сақтап қалыуымыз және жалғастыруымыз керек.

1. Жақып Мырзақанұлы «Қазақ халқы және оның салыт-санасы» ШҰАР Халық баспасы. 1992ж.
2. «Қазақтың бейзаттық мәдени мұраларын зерттеулер» ШҰАР халық баспасы. 2009ж.
3. «Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері» ШҰАР Іле халық баспасы 2006ж.

* * *

Казахские национальные наряды.

* * *

The Kazakh national dresses.

Г. Бақытбекқызы

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТӨРКІНІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қазақ мәдениеті – адамзат мәдениетінің бір бөлігі. Қазақ халқымыздың сонау ерте кезден қалыптасқан дәстүрлі мәдениетінің бірі болған Қазақ ою-өрнектерінің төркіні және дамуы жөнінде сондай-ақ Қазақ ою өрнегінің өзіне тән ұлттық ерекшелігін сақтай отырып дәуірмен бірге дамып бүгінгі таңдағы қоғамдық рөлінің барынша доғарлағандығы туралы аз аялдау.

Бір ұлттың қалыптасуы әрине белгілі бір ұзақ тарихи даму барысында қалыптасады. Яғни ортақ тіл ортақ мәдениет ортақ тоғысу барысын кешіру арқылы біртіндеп қалыптасады. Сол сияқты қазақ ұлтымыздың қалыптасу тарихы да өте ұзақ. Бір ұлыт болады екен оны өзге ұлтпен салыстыру үшін ең әуелі оның ғасырлар бойы жалғасқан ұзық мәдениеттерін тілге тиек етуіміз керек, сондықтанда қазақ ұлтымыздың қандай бір ұлт екендігі әрине оның мәдениетінің даму өресімен өлшенеді. Сонымен, қазақ ұлты ауызға алынса болды өзге ұлттардың ойына көшіп-қонып жүретін мал шаруашылығымен шұғылданып отырған көшпенді ұлттардың бірі болып елестейді. Расында сонау ата-бабаларымыздан тартып қалыптасқан көшпенді ұлт екеніміз шындық, яғни қазақтың тегіне тығыз қатысты ерте заманғы ру тайпалық, ұлыстық елдердің негізінен мал шаруашылығымен шұғылданып өтетіні рас, Алайда қазақ халқымыз көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданып ғана қалмай сонау ерте кезден–ақ басқада сан салалы кәсіптермен соның бірі болған қолөнер кәсібіменде шұғылданған еді. қолөнер кәсіптің өзі сан алуан түрлерге бөлінеді. Соның ішіндегі күні бүгінге дейін өзіндік ұлттық ерекшелігін тіптіде сәулелендіріп дамытып келе жатқан қазақтың ұлттық ою-өрнектері жөнінде яғни қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерінің төркінімен дамуы туралы тоқталғым келеді.

қазақ ою-өрнегінің төркіні.

қазақтың ою-өрнегінің қалптасуы қазақ ұлтының ең негізгі ұлттық символы саналады.

бізге мәлім, жалпы ою-өнері дүние жүзінің көп халықтарына тән, дегенмен қазақ халқының ою-өрнегінің өзіндік ерекшеліктері бар. дүниенің қайсы бір түкпірінен болмасын қазақ ою-өрнегін корген жерден тануға болады. қазақ ою-өрнегі ата-бабаларымыз мәдениеті ішіндегі 4000 мың жылдан бері бірден-бір тегін жоймаған, қаймағын бұзбаған дәстүрлі өнері басқа мәдениет атаулының барлығы мәлім бір уақытта, белгілі себептерден өзгерске ұшырады. Сондықтанда қазақ ою-өрнегінің тарихын зерттеу, қазақ ұлты және оның мәдениетін, тарихын тануда аса келелі маңызға ие.

Қазақтың ата тегі саналатын тайпалармен ұлыстар, негізінен, сақтар, үйсіндер қаңлылар, аландар және ғұндар деп есептеледі. Ал кейінгі дәуірлерде түркілер, оғыздар, қыпшақтар қосылған. Қазақ ұлтын құрған түрлі ру тайпалар ұқсамаған мезгілдердегі өріс констары ұқсамаған. сонымен олардың тарихтан бұрынғы ізі түскен мекендері Евразия даласын да бұдан да кең аумақты шарптитындығы даусыз деп зерттелген. Сондықтан қазақ ою-өрнегі түп төркінне үңілсек, қазақ ою-өрнегі келіп шығу төркіні оның байырғы шығыс азия ою-өрнегімен болған байланыстығын көруге болатындығын археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр.

Қазыргі қазақ ою-өрнегіне ең жақын ою-өрнектің ең көнесі Шаң жаяң өзеннің орта төменгі ағарындағы Қытайдың Хунан өлкесінің Ниң Шяң ауданында табылған Шаң патшалығы дәуірінің соңғы мезгілінде осыдан 3100-3200 жыл ілгері жасалған қола даңғара (сол замандарда қолданлған софиялы күй аспабы) бетіне салынған ою-өрнек шығыс азия жеріне осы түрдегі ою-өрнектің бұданда бұрынға көптеген үлгілерін көруге болады. Ал бұл даңғараның сыртындаға өрнек солардың ішіндегі ең бір қазіргі қазақ ою- өрнегіне ұқсастық жағанан да уақыты жағынан да, салстыруға болатын ерте заман ою-өрнегінің бұндай үлгісі жолықпайды. сондықтан